



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 12 тамыз

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 84 н/к

город Шахтинск

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізу туралы

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 03.07.2017 жылғы Заңын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мынадай құрамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия құру:

Комиссия төрағасы:

Н.А.Рользинг - директор;

О. В. Удалова - комиссия төрағасының орынбасары, әдіскер;

С.А.Павлова - кәсіподақ төрағасы, тәрбиеші;

Л.И. Зыкова - тәрбиеші;

Р.Р.Головенко - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы.

2. Сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізу жауапкершілігі балабақша директоры Н.А.Рользингке жүктелсін.

3. Мектепке дейінгі ұйымдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жөніндегі 2025-2026 оқу жылына арналған іс - шаралар жоспары бекітілсін.

4. Комиссия мүшелеріне әрбір жарты жылдықта жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуы туралы ақпарат берілуін қамтамасыз етсін.

5. Әдіскер О.В.Удаловаға:

- ата-аналар қауымдастығына сауалнама жүргізу арқылы ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг жүргізу бойынша жұмысты жалғастыру;

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) ақшалай қаражатын тарту мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін 8 (72156) 53709 сенім телефонының жұмысын

ұйымдастыру. Сенім телефоны туралы ақпаратты мектепке дейінгі ұйымның ақпараттық сайтында орналастыру;

- барлық топтардың тәрбиешілеріне ата-ана қаражатын заңсыз жинауға жол берілмейтіндігі туралы ескертілсін.

6. Директор Н.А.Рользинг барлық қызметкерлерді заңнамада белгіленген тәртіппен құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасаған кезде әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігі туралы хабардар етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Н.Рользинг